

А **ИҚЫН**

ҚАЛИДЫҢ ҚАЛАМЫ



Қазір баяғы биік құндылықтардың құны құлдыраған заман.

Абайдың өзі айдалада қалған секілді. Қай жерді де селқостық жайлап алған. Ұлт мүддесі, ел мұраты жөнінде ештеп болса да елге сөз айтар әр-әр жердегі бір шоғыр газет-журнал редакциялары ғана қалған секілді. Баяғыдай үлкен сөз айтатын тұлғалармен кездесулер атымен жоқ. Кездесу болу үшін де алдымен тұлғаның өзі болуы керек қой, олар жоқ, бар болса, сирек. Бүгіндегі басқосуларда айтылар сөздің бәсі бала-шағаның, қыз-қырқынның төңірегінен аспайтын болған соң, ондай кездесулерге жұрт алдына сап айдасаң да баспайтын болған.

Бірде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Алматы қалалық мәслихатының депутаты, «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай алқалы жиынға асығыс болса да, Амангелді Айталыны тыңдау үшін баратын жерінен қалады. Тыңдайды. Баратын жеріне кешіккеніне еш өкінбейді. Осы туралы Алматы ақшамы» газетіне бес-алты сөйлеммен қысқа қайыра салған Қалекен оған «Ақиқат айтылған жерде өзінді адам сезінесің» деген тақырыпты айғайлатып қояды. Сұмдық сөз емес пе?! Шындық шіркін шырқырап жылап, ақиқат байғұс аяққа тапталып жатқан жиыннан кеуденді керіп емес, бүгежіктеп, адам емес, өзінді бөжей сезініп, қор болып, жер болып қайтатының рас қой! Басқа ештеңе жазбай-ақ, тақырыптың өзімен қоғамның бес батпан бейнесін айқара ашып беру деген осы емес пе?! Шеберлік пе, шеберлік!



Айтары мол Айталының бір ауыз сөзбен бағасын берген Қали – Қалекен де тегін адам емес. Айталы секілді айтары бар осы Қалекен – Қали Сәрсенбаймен осыдан бір күн бұрын Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында кездесу өтті. Сол күні бір жаққа біз де асығыс едік, әйтсе де, бардық. Қалекенді тыңдау үшін. Тыңдадық. Көп нәрсені көкірекке түйдік. Ұлт турасында ұлағатты сөз айтатындар көп қой, бірақ олардікі шынайы шықпайды. Себебі, өздері шынайы емес. Сөздері мен істері қабыспайды. Сондықтан қанша жерден көсіліп, есіліп сөйлесе де жұрт есінеп отырады. Ал Қалекен көсілмей-ақ, есілмей-ақ есті сөз айтады. Сендіреді. Себебі, сөзі мен ісі, жүріс-тұрысы бір жерден шығады. Кезінде Рахаң – Рахманқұл Бердібаев Әуезов музей-үйіне қаншама ұлт қайраткерлерін, ірі тұлғаларды шақырып, лекциясын, өнерін жұртқа тыңдатқаны белгілі. Соның бәрін ақысыз-пұлсыз атқарған-ды. Ұлтқа қызмет ету деген осындай болады. Сол секілді, Қалекен де ерінбей-жалықпай, бір аяғы көрде, бір аяғы жерде тұрған қаншама тірі тарихтың ішін армансыз ақтартып, сырын ұлтқа сарқып алып қалды. Бірде сексендегі Сәбит Оразбаевтың артынан қалмайды. Сәбит ағамыз селқос қарап, жүре тыңдайды. Қалекен «Сәбе, бүгін сіз айтпасаңыз, ертең осының бәрі өтірік айтылады» дейді. Сәбит аға селк ете қалады. Келісімін береді. Кейін шын жүректен рахметін айтады.

Қалекеннің «Өнер – өмір», «Сендерді сағынғанда», «Тұлға – тағдыр» атты кітаптарының аттары-ақ оның өне бойы өнермен астасып, тұлғалармен тұтасып кеткенін айғақтап тұр. Әсіресе кісікіік, саяқ суретшілердің өмірі мен шығармашылығы жайында қазып жазған екі адам адам болса, соның бірі Қалекен болар.



«Алматы ақшамы» газетінде «Алматыны кімдер басқарды?» деген айдар ашты. Алматы секілді алып қаланы Колпаковскийден бастап кімдер басқармаған. Соның бәрі тегін адам емес. Жатқан тарих. Алматыдағы Сейфуллин көшесінің қойылу тарихының өзі өнеге. Бұл көшеге қандай ат береміз дегенде, көптеген қайраткерлермен бірге Сәкен Сейфуллиннің де аты аталып қалады. Сол кезде қалалық мәдениет басқармасының бастығы ұлты бөлек әйел «Ол кім еді?» депті. Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы Есен Дүйсенов «Сейфуллинді білмейтін адам қалайша мәдениетті басқарып жүр?!» деп сол арада әлгі әйелді орнынан босатқан екен. Осыдан кейін отырғандардың бәрі бір ауыздан Сейфуллин атын қолдап шығады. Осындай қаншама тарихты тірілтті. «Осының бәрі ерліктен емес, намыстан» дейді Қалекеннің өзі. Білікті бас редактордың арқасында «Алматыны басқарғандар» қазақша, орысша кітап болып басылып шықты.



Өнер академиясында өткен тағылымды кеште әлдебір студент, әлде оқытушы ма екен, Қалекеннің жуырда жарық көрген «Шал мен Шындық» атты кітабының атына

байланысты сұрақ қойды. Шынында да, кітапқа ат қоюының өзі тапқырлық. «Бұл қай шал, бұл қай шындық?» деп оқырманның қилы ойға бататыны анық қой. Сөйтсек, шалымыз Алдан Айымбетов екен. «Кезінде осы қалақтай қара шал «Казахская правда» деген газет шығарды. Осы газет үшін талай соттасты, талай жеңді. Газетті шығаруға қаржы таппағанда, үйін сатты, шешесі жүзігін, әйелі сырғасын берді. 2001 жылы кездесіп, әңгімелестік. Сол кезде ел егемендігі үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, шындықты шырқыратып жазған осы қартқа кім көрінгенге беріліп жатқан Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған бір медаль да бұйырмапты. Рухы шат болсын деп, кітабыма осындай ат бердім» деді Қали Сәрсенбай.

Ұлт мүддесі, мұраты жөнінде тынбай қалам тербеп келе жатқан Қалекен де сол Алдан ағасы секілді, шындықты шырқырата жылатып, ақиқатты аяққа оралғы еткендермен ондырмай ұрыс салып келеді. Қаламмен, әрине. Ал қаламнан өткен құдіретті қару жоқ.





Төреғали Тәшенов

Суреттерді түсірген Самат Құсайынов